

**Ахметов Руслан Сабырұлының «Батыс Қазақстанда қара сексеуіл өсіру агротехникасын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
8D08302 – «Орман ресурстары және орман шаруашылығы»
білім беру бағдарламасы бойынша PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған ресми
рецензенттің жазбаша
ПІКІРІ**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1.1 Диссертация ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. 1. 1) Диссертация АР05133068 «Құрамында ылғал сіңіретін заттар мен биостимуляторлары бар қоспамен ағаш және бұта тұқымдарын өндеудің технологияларын әзірлеу және енгізу арқылы құрғақ шөлді жағдайларда топырақтың шөлейттенуі мен деградациясын болдырмау» атты жоба аясында орындалды. Мемлекеттік тіркеу нөмірі №0118РК00549. 2. 2) Диссертация 2021 – 2023 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым «Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін ұтымды пайдалану, экология» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, және жұмыстың маңыздылығы «Батыс Қазақстанда қара сексеуіл өсірудің агротехникасын жетілдіру» тақырыбындағы диссертацияда жақсы ашылған және қара сексеуіл екпе ормандар өміршеңдігінің жоғары болуына, қарқынды өсуі мен дамуына қол жеткізуге мүмкіндік беретін сексеуілдің екпе алқаағаштарын өсірудің ғылымға негізделген технологиясын құрастыруға бағытталады. Ғылыми ізденуші алғаш рет Батыс Қазақстан жағдайында ылғал сіңіретін адсорбенттер мен өсімдіктердің өсуін ынталандыратын заттарды қолдана отырып, қара сексеуіл орман екпелерін өсіру технологиясын жетілдіруді ұсынады.

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Дербестік деңгейі – жоғары. Бұны зерттеулердің нәтижесі бойынша жарияланған 15 ғылыми мақала айқындап отыр, оның ішінде:</p> <p>4 мақала – Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымда;</p> <p>2 мақала – Scopus халықаралық дерекқорына енетін халықаралық ғылыми басылымда;</p> <p>9 мақала – халықаралық конференциялар материалдарында.</p> <p>Сондай-ақ, «Ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі «Самское» мемлекеттік мекемесі» аумағында 15,9 га аумаққа ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар нәтижесін өндіріске енгізу туралы АКТ енгізілген.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Диссертацияның өзектілігі негізделген. Сексеуіл ормандарының аумағын кеңейту қажеттілігі Қазақстанның Батыс аймағында ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл аймақта кара сексеуілдің ұзақ және шектен тыс отын ретінде пайдаланылуы (оны табиғи қалпына келуіне жәрдемдесу шараларын қолданбай), сонымен қатар ретсіз мал жаю салдарынан үлкен аумақтардағы сексеуіл алқағаштарының басым бөлігінің жойылып, сақталып қалған сексеуіл ормандарының өнімділігі төмендеді.</p> <p>Диссертацияның мазмұны оның тақырыбына сәйкес келеді. Мазмұн диссертация тақырыбын толығымен көрсетеді. Диссертация мазмұнында жұмыс тақырыбын ашатын талдамалық, теориялық және тәжірибелік зерттеулер, сондай-ақ зерттеу әдістемесі келтірілген.</p> <p>Диссертациядағы зерттеудің мақсаты мен міндеттері оның тақырыбына толығымен сәйкес келеді, өйткені Батыс Қазақстанда орман екпелерін құрудың қолданыстағы технологиясын жетілдіруге бағытталған. Зерттеу орман екпелерін құрудың негізгі аспектілерін қамтиды, оның ішінде: аумақ топырағының</p>

			<p>орман өсіруге жарамдылығын анықтау, яғни топырақ кескіндерін салу арқылы топырақ жағдайларын зерттеу, қара сексеуіл орман екпелерін құру мерзімдерінің өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсерін зерттеу, жолақтар ені мен қатар сандарының сексеуіл орман екпелерінің жерсінуі мен дамуына әсерін зерттеу, әртүрлі топырақ өңдеу әдістері бойынша өсірілген қара сексеуілдің өсуі мен дамуына әсерін зерттеу, топырақты өңдеудің әр-түрлі жағдайларында сексеуіл екпелерінің өсіп-дамуына әсерін зерттеу, отырғызу жиілігі мен қатар санының сексеуіл орман екпелерінің жерсінуі мен дамуына әсерін зерттеу; агротехникалық күтімдер жиілігіне байланысты қара сексеуіл мен шөптесін өсімдіктердің өсуі мен дамуын зерттеу, сондай-ақ, сексеуіл екпелерін өсіруде өсімдіктердің өсуін ынталандыратын заттар мен адсорбенттерді қолдануды зерттеу.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері толығымен өзара байланысты, өйткені олар қара сексеуілдің орман екпелерін құру технологиясын ғылыми негізде қолдануды дәйекті түрде ашады. Кіріспе бөлім зерттеудің өзектілігі мен мақсаттарын қалыптастырады, бірінші тарау зерттеу бағытын таңдаудың негіздемесін сипаттайды, екінші тарау зерттеу нысандары мен әдістерін, үшінші тарау негізгі бөлім ретінде ұсынылып, онда табиғи-климаттық жағдайлар және диссертацияда қойылған барлық міндеттер сипатталады. Мұндай құрылым пікірдің логикалық дәйектілігін және ғылыми тәсілдің тұтастығын қамтамасыз етеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p>	<p>Диссертацияда Батыс Қазақстандағы қара сексеуілдің орман екпелерін өсіру технологияларына сыни талдау жасалған, бұл қара сексеуіл орман екпелерін құру технологиясын жетілдірудің қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік берді. Автор ұсынған жаңа шешімдер қолданыстағы технологиялардың тиімділігін салыстырмалы талдау негізінде</p>

		4) талдау жоқ.	жасалған. Дәлелдеме эксперименттік деректермен, ғылыми есептеулермен және тәжірибелік сынақтармен қолдау тауып, олардың бар тәсілдерге қарағанда артықшылығы бар екенін растайды.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен ережелер ішінара жаңа болып табылады , өйткені ұсынылған шешімдердің көпшілігі қара сексеуіл орман екпелерін құру технологиясында жаңа тәсілдер болып табылады. Нақтырақ айтқанда, диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы мынада: алғаш рет Қазақстанның Батыс аймағының (Атырау және Маңғыстау облыстары) құрғақ жағдайында ылғал сіңіретін адсорбенттер мен өсімдіктердің өсуін ынталандыратын заттарды қолданып, көшеттерді отырғызу арқылы қара сексеуілдің орман екпелерін өсірудің өңірлік технологиясы әзірленді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары ішінара жаңа болып табылады , өйткені олар бұрыннан белгілі ғылыми тәсілдерге де, зерттеу барысында алынған жаңа нәтижелерге де негізделген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдер жаңа және негізделген – олар толығымен жаңа , өйткені Батыс Қазақстан аумағында тұңғыш рет қолданылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолилатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Ғылыми тұрғыдан алғанда жүргізілген барлық зерттеулердің нәтижелері нақты және ауқымды дәлелдерге негізделген. Зерттеу жұмысының қорытындыларын талдау үшін аумағы 15,9 га тәжірибелік учаскеде топырақ жағдайларын, орман екпелерін құру мерзімдерін, олардың жерсінуін, өсуі мен дамуының бірқатар факторларға (топырақты өңдеу, ылғал сіңіретін адсорбенттер мен өсімдіктердің өсуін ынталандыратын заттарды қолдану, қатарлар саны және т.б.) байланыстылығын зерттеу жұмыстары жүргізілді.
7.	Қорғауға шығарылған	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру	7.1 Диссертациялық жұмыстың ережесі теориялық

	негізгі ережелер	<p>қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>есептеулер, эксперименттік деректер және қара сексеуілдің орман екпелерін құрудың қолданыста бар және ұсынылған әдістерін салыстырмалы талдау негізінде дәлелденді.</p> <p>7.2 Диссертацияның ережесі тривиальды (қарапайым, анық) емес, өйткені ол қара сексеуілдің орман екпелерін құрудағы кешенді тәсілдерге негізделген.</p> <p>7.3 Диссертацияның ережесі жаңа болып табылады, өйткені бұл технология Батыс Қазақстанда қара сексеуіл орман екпелерін құру үшін алғаш рет ұсынылып отыр.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін қолдану деңгейі кең, өйткені әзірленген шешімдерді аридті жағдайда орман екпелерін құруды жобалайтын ұйымдар жоба әзірлеу барысында, көгалдандыру мекемелері, сондай-ақ Батыс Қазақстанның мемлекеттік орман шаруашылығы мекемелері орман екпелерін отырғызу жұмыстар тәжірибесінде пайдалануы мүмкін.</p> <p>7.5 Бұл, ұсынылған технологияның тиімділігін растайтын зерттеу нәтижелері келтірілген мақалаларда дәлелденді.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік</p>	<p>Орындалған диссертациялық жұмыстың әдістемесі жеткілікті толық сипатталған. Әдістеменің барлық қажетті құрылымы егжей-тегжейлі ұсынылып, сипатталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, соның ішінде эксперименттік далалық зерттеулер мен зертханалық сынақтарды қолдана отырып алынды. Деректерді өңдеу және интерпретациялау үшін статистикалық нәтижелерді өңдеу сияқты компьютерлік технологиялар қолданылды.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы,</p>

		<p>зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>оның ішінде қара сексеуілдің орман өсімдіктерінің сапасын талдау және тәжірибелік учаскете далалық сынақтар жүргізу арқылы дәлелденді және расталды.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Маңызды тұжырымдар өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталды.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттерге шолу жеткілікті ұсынылған, 94 дереккөзден тұрады және тақырып бойынша жүргізілетін ғылыми зерттеулерді толығымен көрсетеді.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жоқ.</p>	<p>Жұмыс теориялық маңызға ие, өйткені ол Қазақстанда қара сексеуілдің орман екпелерін құрудың ғылыми тәсілдерін дамытады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Жұмыс тәжірибелік маңызға ие, себебі оның нәтижелері Қазақстандағы, соның ішінде мемлекеттік орман қоры аумағындағы, дефляциялық процестерге ұшыраған топырақтарда қара сексеуілдің орман өсімдіктерін өсіруді енгізу үшін пайдаланылуы мүмкін.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Тәжірибеге арналған ұсыныстар ішінара жаңа болып табылады, өйткені оларда бейімделген орман екпелерін құрудағы қолданыстағы әдістері де сонымен қатар, түбнұсқалық ұсыныстар да бар.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациядағы академиялық жазу сапасы жоғары, себебі мәтін анық құрылымдалған, логикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылған және ғылыми стильге сәйкес келеді. Жұмыста дұрыс тұжырымдар, негізделген дәлелдер және дәлелдемелік база қолданылған, сонымен қатар өзекті зерттеулер мен нормативтік құжаттарға сілтемелер келтірілген. Терминология мен әдістеме ғылыми жарияланымдардың талаптарына сәйкес ұсынылған, бұл академиялық жазу деңгейінің жоғары екенін растайды.</p>

11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның мазмұны жағынан келесі ескертулер бар: диссертациялық жұмыста аздаған грамматикалық, орфографиялық қателіктер кездеседі. Кейбір бөлімдерде ақпарат қайталанған. Алайда бұл ескертулер диссертациялық жұмыстың мазмұнын еш кемітпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Мақалалардың жоғары деңгейі	Зерттеу нәтижелері бойынша 15 мақала жарияланған, оның ішінде: 4 мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда; 2 мақала Scopus базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымдарда; 9 мақала халықаралық конференциялар материалдарында жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«Батыс Қазақстанда қара сексеуіл өсіру агротехникасын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми тұрғыдан негізделген, қойылатын талаптарға сай орындалған. Автор Ахметов Руслан Сабырұлына 8D08302 – «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Ландшафты дизайн» БББТ-ның жетекшісі, философия докторы (PhD)

Т.С. Абжанов

Т.С. Абжанов

мерзімі « 10 » 02 2026 ж.

Қолы расталады, мөрмен

